



АҚПАРАТТАР

ТОПТАМАСЫ

Бірге жұмыстануға уағдаласты

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жаңа оқу жылының басында РФ Үкіметі жанындағы Қаржы университетінің Ақпараттық технологиялар және үлкен деректер сараптамасы факультетімен «ақылды» ауылшаруашылығы шешімдерін құру бойынша жобаларды бірге дамытуға ниетті.

БҚАТУ ректоры Асқар Наметов пен аталмыш факультеттің деканы В.И.Соловьев ынтымақтастық орнату барысындағы мүмкіндіктерді талқылады. Келіссөздер нәтижесінде БҚАТУ білім бағдарламасы мен зерттеу қызметі шеңберінде «Ақпараттық технологиялар және үлкен деректер сараптамасы факультетімен» ынтымақтастық орнату үшін ортақ келісімге қол қоюды ұйғарды. Жәңгір хан университетінің оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері Қазақстан мен Ресейдің агроөнеркәсіптік кешендерін тұрақты дамытуға бағытталған жасанды интеллект саласындағы ауқымды бірлескен жобаларға қатысатын болады.

Бірінші курс студенттерін қабылдады

Қыркүйек айында Жәңгір хан университетінде бірінші курс студенттеріне арналған «Студенттер қатарына қабылдау – 2021» салтанатты іс-шарасы өтті.

Салтанатты жиын студенттер шеруімен басталып, бірінші курс студенттерінің салтанатты түрде ант қабылдауымен жалғасты. Шара барысында «Алтын белгі» иегерлері мен әлеуметтік санаттағы студенттерге білім гранттарының сертификаттары, ал биыл келген білім алушыларға студенттік билет, сынақ кітапшасы және білім кілтін табыстау рәсімі ұйымдастырылды.

Теолог-маманның дәрісін тыңдады

Жәңгір хан университетінің 1-4 курс студенттері 23 қыркүйекте БҚО Дін істері басқармасына қарасты дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы Бағдат Адайханмен кездесті.

Іс-шараның мақсаты – еліміздегі зайырлылық қағидалары мен мемлекеттің дін саласындағы саясатын түсіндіру. Тағылымды кездесу соңында студенттер дін тақырыбында көкейлерінде жүрген сауалдарына толыққанды жауап алды.

Ұйымның жұмысымен таныстырды

Жәңгір хан университетінің Индустриалды-технологиялық институтында қоғамдық-халықаралық SPE мұнайшылар қауымдастығының таныстырылымы өтті.

Ұйымның университеттегі секциясының кураторы Бақытжан Бурханов «Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау» мамандығының 1-курс студенттерін аталмыш ұйым жұмысымен таныстырып, мұнай және газ салаласына қатысты кәсіби ақпараттармен бөлісті. Институт түлегі, SPE секциясының белсенді мүшесі Ғалымжан Жамбыл ұйымның миссиясы мен құрылымын толық түсіндіріп, болашақ мұнайшыларды өз қатарына қосылуға шақырды. Мұнай саласының жаңалықтарынан хабардар болуда да ұйымның маңызы зор екенін жасырмады.



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының оқытушысы, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Балуаш Траисов – отандық ғылым жолында елеулі із қалдырған тұлға.

Ұстаз Траисовтың есімі тек университет ұжымына ғана емес, ауылшаруашылығы саласындағы мамандарға кеңінен танымал. Ғалымның еңбегі Қазақстан ішінде ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де таралған деп айтуға әбден болады. Кейіпкеріміз туралы жазылған еңбектер, мақалалар, пікірлер аз емес. Біз солардың қатарын толықтыруды ғана ойладық. Ендеше Балуаш Бақышұлының ғылымдағы жолына тағы бір көз жүгіртіп көрсек.



Ұстаздық жолға түскеннен бастап өмірін ғылымға арнап, аянбай еңбек етіп жүрген Балуаш Траисовтың еліміздегі ауыл шаруашылығы ғылымында, соның ішінде қой шаруашылығы саласында өзіндік қолтаңбасы бар. «Мал өсірсен, қой өсір, Табысы оның көл-көсір» деп ұрандата Шопан ата түлігін баққан қазақ ғалым Траисовтың кроссбредті жүнді қойдың етті-жүнді «Ақжайық» тұқымының авторы ретінде таниды. – Қой шаруашылығы – қазіргі мал шаруашылығы саласының маңызды әрі ерекше бөлігі саналады. Себебі төрт түліктің біріне жататын қой малы түрлі өнім береді. Сонымен қатар қойдың өнімдерінің өзін пайдаға асырып, бірқатар бұйымдар жасауға болады, – деген ғалым-ұстаз қой тұқымдарының бағым көпшілігінен өнімнің негізгі екі түрі, яғни ет пен жүн өндірілетінін айтты. Сондай-ақ елімізде қой шаруашылығының барлық бағыттары бойынша өсірілетін отандық қой тұқымдары да көп екенін осы саланың жілігін шаққан ғалымдарға кеңінен мәлім.

Ғылымдағы еңбегімен танымал Траисов



Ал «Ақжайық» етті-жүнді қой тұқымын шығару бағытындағы селекциялық жұмыстар 1967-1996 жылдар аралығында жүргізілген. Күрделі будандастыру әдісі негізінде алынған бұл қой тұқымынан әрі ет алынса, әрі ол біртекті жартылай жіңішке кроссбредті жүн береді.

Бүгінде «Ақжайық» етті-жүнді қойларын өсіру бойынша асыл тұқымды шаруашылық жұмыстары Жәңгір хан университетінің «Ақжайық» тәжірибелік-өндірістік шаруашылығында жүргізіледі.

қожалықтарында «Ақжайық» тұқымды қойлар өсірілуде. Аграрлық саладағы қиын кезеңде де батысқазақстандықтар етті-жүнді «Ақжайық» қой тұқымын сақтап қалып, одан әрі көбейтуде.

Сонымен қатар Балуаш Бақышұлы еліміз бойынша алғашқы қой өнімдерінің сапасын анықтайтын аккредитацияланған ғылыми зерттеу зертханасын ұйымдастырғанын да әріптестері жақсы біледі. Он жеті жылдай Жәңгір хан университетінің проректоры қызметін абыроймен атқарып, оқу орнының ғылыми бағыттағы жұмыстарын жетілдірді. Яғни 1996-2012 жылдары ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор лауазымында жұмыс істеп, 90-шы жылдардағы қиын кезеңде университеттегі ғылыми жұмыстарды ұйымдастырып дамытуға, халықаралық байланысты кеңейтуге үлкен үлес қосқан. Сондай-ақ 1997 жылы кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын диссертациялық кеңес ашып, өзі 10 жыл сол кеңестің төрағасы, үш жыл төрағаның орынбасары болып жұмыс атқарады.

Ғылым жолында үлкен ғылыми мектепті қалыптастырған Балуаш Бақышұлының жетекшілігімен зоотехник мамандығы бойынша төрт докторлық, алты кандидаттық, бір PhD докторлық, 20 магистрлық диссертация қорғалған. Бүгінде ғалым-ұстаздың шәкірттері Қазақстанда ғана емес, Ресейде де білім мен ғылым саласында жемісті еңбек етіп жүр.

Өзінің еңбек жолында аға ғылыми қызметкерден бастап проректор лауазымына дейінгі сатыдан өткен ғалымның ғылыми зерттеулері өзектілігімен ерекшеленеді. 420-дан астам ғылыми еңбектері жарияланса, алты монография мен жеті оқу құралын және аграрлық сектор мамандары үшін бірқатар нұсқаулықтар жазған. Отандық ауыл шаруашылығы үшін үлкен жетістік саналатын ғылыми жұмысты жүзеге асырған профессор Б.Траисовтың еңбегі елеусіз қалмай, ҚР Ауыл шаруашылығы, Ғылым және білім министрліктерінің Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

